



ҚЫТАЙДЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІ

ҚЫТАЙДАҒЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ



Қытайда зейнет жасындағы әрбір азамат зейнетақы төлемдерінен үміттен алады



ҚЫТАЙДЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІ

Бірінші деңгей

Мемлекеттік базалық зейнетақы

Қалалық кәсіпорындар қызметкерлері үшін міндетті зейнетақы бағдарламасы (Urban Employees Pension Scheme)

Мемлекеттік құрылымдардағы қызметшілер үшін міндетті зейнетақы бағдарламасы (Public Employees Scheme)

Қалалық және ауылдық тұрғындар үшін ерікті зейнетақы бағдарламасы (Rural and Urban residents Pension Scheme)

3 бағдарлама да 2 компоненттен тұрады – жұмыс берушілердің жарналары мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының субсидиялары есебінен қаржыландырылатын таратушы және қызметкерлердің жарналары есебінен қаржыландырылатын жинақтаушы.

Екінші деңгей

Қосымша зейнетақы

Мемлекеттік қызметшілер үшін міндетті кәсіптік зейнетақы бағдарламасы

Кәсіпорындардан ерікті кәсіптік бағдарламалар

Мемлекеттік сектор

Жеке сектор


Үшінші деңгей

Жеке жинақтаушы зейнетақы

Коммерциялық сақтандыру компанияларының/банктердің ерікті өнімдері

БІРІНШІ КОМПОНЕНТ: ҚАЛАЛЫҚ КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ҮШІН МІНДЕТТІ БАЗАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ЗЕЙНЕТАҚЫСЫ

ОРТАҚ + ЖИНАҚТАУШЫ



*Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар табысынан 20% салады

ТӨЛЕМДЕРДІ АЛУ ТАЛАПТАРЫ

Заңмен белгіленген зейнетке шығу жасы (♂ерлер: 60 жас; ♀әйелдер: әкімшілік және ғылыми-зерттеу қызметкерлері үшін 55 жас, өндірістік қызметкерлер үшін 50 жас).

10 жылдан астам зиянды және өмір үшін қауіпті жағдайларда жұмыс өтілі бар қызметкерлер зейнетке ертерек шыға алады – ♂ерлер 55 жаста, ♀әйелдер 45 жаста.

Жарналардың ең аз кезеңі (үзілістерге рұқсат етіледі): жиынтығы 15 жыл

Аударымдарды төлеу өтілі 15 жылдан кем болған кезде адам зейнетке шығуды ең төменгі қажет өтілге жеткенге дейін кейінге қалдыра алады не өзінің жеке шотынан инвестициялық табы ескерілген қалдықты бірден ала алады.

ЗЕЙНЕТАҚЫ ТӨЛЕМДЕРІН ЕСЕПТЕУ


Зейнетақының базалық бөлігі:
Жарналар 15 жылдан кем емес төленген жағдайда, зейнетақы жүйесіне қатысу (сақтандыру жарналарын төлеу) өтілінің әрбір жылы үшін екі мәнді – индекстелген жеке жалақының және бүкіл провинция бойынша орташа жалақының орташа шамасынан 1% мөлшерінде төленеді. Мұндай жылына 1% есептеу кезінде базалық зейнетақы 35 жыл еңбек өтілі болған кезде қалаларда орташа табысты алмастырудың 35%-дық коэффициентін қамтамасыз етеді. Кейіннен зейнетақы төлемдері жалақы өсімі мен бағалар деңгейі ескеріле отырып индекстеледі.

Жинақтаушы бөлік:
Жинақталған баланс зейнетке шығу жасына және елдегі орташа өмір сүру ұзақтығына байланысты мемлекет анықтайтын аннуитеттік фактор коэффициентіне (орта есеппен қытай азаматы өмір сүреді және белгілі бір жастан бастап зейнетақы алады деп болжанатын айлар саны) баланс сомасын бөлу арқылы зейнетке шыққан сәтте өмір бойғы зейнетақы төлемдерінің кестесіне айналдырылады. Барлық провинцияда ерлер және әйелдер үшін мынадай аннуитеттік факторлар қолданылады (ай сайынғы зейнетақы үшін):

Жасы	40	45	50	55	60	65	70
Коэффициент	233	216	195	170	139	101	56

БІРІНШІ КОМПОНЕНТ: МЕМЛЕКЕТТІК ҚҰРЫЛЫМДАРДАҒЫ ҚЫЗМЕТШІЛЕР ҮШІН МІНДЕТТІ БАЗАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ЗЕЙНЕТАҚЫСЫ

ОРТАҚ + ЖИНАҚТАУШЫ



ТӨЛЕМДЕРДІ АЛУ ТАЛАПТАРЫ

Зейнетақы төлемдерін алу үшін жарналар төлеудің кемінде 15 жылдық (үзілістерге рұқсат етіледі) жиынтық өтілі қажет. Төлем қағидасы қалалық кәсіпорындар қызметкерлері үшін зейнетақы бағдарламасына ұқсас.

Заңмен белгіленген зейнетке шығу жасы (♂ерлер: 60 жас; ♀әйелдер: 50-55 жас)

БІРІНШІ КОМПОНЕНТ: АУЫЛДЫҚ ЖӘНЕ ҚАЛАЛЫҚ ТҰРҒЫНДАР ҮШІН ЕРІКТІ БАЗАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ЗЕЙНЕТАҚЫСЫ

ОРТАҚ + ЖИНАҚТАУШЫ

Тұрғындар жарна мөлшерін жергілікті әлеуметтік қамсыздандыру мекемелері жыл сайын белгілейтін диапазонда таңдай алады. Қатысушылар жарналарының есебіне зейнетақы шоттарына жіберіледі, сонымен қатар таратушы шотқа жергілікті өзін-өзі басқарудан түсетін субсидиялармен толықтырылады. Жарналардың жоғарғы және төменгі шектері өңірге қарай өзгеріп отырады (жылына 100-ден бірнеше мың юаньға дейін).

Жеке шотқа қызметкердің жарналары + Таратушы шотқа жергілікті өзін-өзі басқарудан субсидиялар

Зейнетақы төлемдерін алу үшін жарналар төлеудің кемінде 15 жылдық (үзілістерге рұқсат етіледі) жиынтық өтілі қажет. Төлем қағидасы қалалық кәсіпорындар қызметкерлері үшін зейнетақы бағдарламасына ұқсас.

Заңмен белгіленген зейнетке шығу жасы (♂ерлер және ♀әйелдер: 60 жас)

ЕКІНШІ КОМПОНЕНТ: ҚОСЫМША (КӘСІПТІК) ЗЕЙНЕТАҚЫ

КӘСІПТІК БАҒДАРЛАМАЛАР

Мемлекеттік қызметшілер үшін міндетті кәсіптік бағдарлама

Мемлекеттік қызметшілерге базалық зейнетақыға қосымша кәсіптік зейнетақы төленеді.

Ерікті корпоративтік аннуитет жоспарлары

Корпоративтік аннуитет жоспарларын ірі компаниялар өз еркімен жасайды. Қытай үкіметі барлық компанияларды осындай жоспарлар жасауға шақырады.

Жұмыс беруші 8% + Қызметкер 4%

Жинақтаушы шот

✓ Қызметкер қызметтік міндеттерін орындау кезінде қайтыс болса, кәсіптік зейнетақы мұраға қалдырылады.
✓ Қызметкерлер зейнетке шыққан соң ай сайын зейнетақы ала алады немесе зейнетақы аннуитетін сатып алып, шартқа сәйкес ай сайынғы сақтандыру төлемдерін ала алады.

Белгіленген ең төменгі жарна жоқ

Жұмыс беруші үшін ең жоғарғы шек 8% + Қызметкер үшін ең жоғарғы шек 12%

Жинақтаушы шот

Зейнетақы төлеу икемді. Ай сайынғы аннуитет төлемдер орнына қатысушылар зейнетақыны бірден немесе бірнеше транш арқылы алуды таңдай алады. Сонымен қатар олар жинақталған соманы нарықтағы басқа сақтандыру зейнетақы өнімдерін сатып алу үшін пайдалана алады.

ҮШІНШІ КОМПОНЕНТ: ЕРІКТІ ЖЕКЕ ЖИНАҚТАУШЫ ЖОСПАРЛАР

!!! ЖҮЙЕ ӘЗІРГЕ ЖЕКЕ ЖИНАҚТАР КЕҢІНЕН ДАМИМАҒАН

Үкімет 2022 жылдан бастап 36 қалада пилоттық түзімде ерікті жинақтарды ынталандыру бағдарламасын енгізді

Агентті қызметкердің өзі таңдайды

Қытайда ЕДБ немесе сақтандыру ұйымдарында жинақтаушы зейнетақы шотын ашып, оған ерікті зейнетақы жарналарын аударуға болады.

«Ерікті жинақтарды ынталандыру бағдарламасы» ерікті зейнетақы жинақтарын арттыруға бағытталған, себебі Қытай халықты тез қартаюына байланысты өсіп келе жатқан экономикалық қысымға таптырған.

Ерікті шоттар «Жеке зейнетақы туралы ақпаратты басқару қызметінің платформасы» (Personal Pension Information Management Service Platform) арқылы ашылады, онда жарналарды төлеу тарихын, инвестициялық табысты, төлемдерді, салықтарды және авторланған коммерциялық банктегі немесе активтерді басқару компаниясындағы басқа транзакцияларды қадағалауға болады.

- ✓ Жылына ең көп жарналар сомасы – 12 000 юань (146 000 теңге).
- ✓ Салықтық жеңілдіктер (жылдық салық салынатын табыстан 12 000 юаньға дейінгі мөлшерде салықтық шегерімдер).
- ✓ Зейнетақы төлемдеріне салықтық жүктемені 7,5%-дан 3%-ға дейін төмендету.
- ✓ Инвестициядан түсетін табысқа салық салынбайды.

РЕЗЕРВТІК ҚОР: ҰЛТТЫҚ ӘЛЕУМЕТТІК САҚТАНДЫРУ ҚОРЫ (NSSF)

Ұлттық әлеуметтік сақтандыру қоры зейнетақы жүйесінің бір бөлігі емес. Алайда, ол зейнетақы жүйесі үшін маңызды, өйткені оның қызметі – халық қартаюының демографиялық трендтерінің нәтижесінде туындайтын мемлекеттік зейнетақы тапшылығын жабу үшін қаражат жинақтау.



2000 жылы ұлттық стратегия аясында құрылған. Әлеуметтік сақтандыру қорының Ұлттық кеңесінің басқаруында.

- NSSF-тегі қаражат төрт негізгі көзден түседі:
- мемлекеттік бюджеттен трансферттік төлемдер;
- биржада орналастырылған мемлекеттік кәсіпорындардың акциялары;
- NSSF активтерінің инвестицияларынан инвестициялық табыс;
- Мемлекеттік кеңес бекіткен басқа арналар.

2022 жыл басындағы жағдай бойынша NSSF басқаруындағы активтер сомасы – 2000 жылдан бастап жылдық есеппен 8,3% тарихи кірістілікпен 436 миллиард АҚШ доллары (205 трлн теңге). Активтер мөлшері бойынша NSSF – Азиядағы және әлемдегі ең ірі қорлардың бірі.

ҚЫТАЙДЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІН ДАМУ ТРЕНДТЕРІ

Барлық өңірлік таратушы шоттарды бірыңғай ұлттық пулға біріктіру реформасының басталуы.

Бұл шара зейнетақы капиталын артық өңірлерден тапшы өңірлерге ауыстыруға мүмкіндік береді, сондай-ақ дамуы төмендеу өңірлерде зейнеткерлердің зейнетақыны уақтылы және жеткілікті түрде алуын қамтамасыз етеді.

ҚАРЖЫЛЫҚ КЕҢЕС БЕРУ ЖӘНЕ ЖОСПАРЛАУ

Таратушы мемлекеттік зейнетақы жүйесінен аралас үлгіге (ортақ+жинақтаушы) көшу жеке тұлғалардың өз қаржылық жағдайы үшін көбірек жауапкершілік пен зейнет жасына қарай зейнетақы жинақтарының жеткілікті болу тәуекелін өз мойнына алуы тиіс екенін білдіреді.

Бұл біліктілік пен кешенді қаржылық кеңестер қажеттілігін күшейтеді. Қытайдың қуатты қаржылық техникалық индустриясы өз шешімдерін ұсынады. Робот-эдвайзерлер саны артқан сайын қытайлық тұтынушылар әртүрлі ұялы қосымшалар арқылы базалық қаржылық жоспарлау және білім беру құралдарына қол жеткізе алады. Күнделікті төлемдер мен әлеуметтік желілерге біріктірілген мұндай қосымшалар, енді өз пайдаланушыларына зейнетақы калькуляторлары, әртүрлі зейнетақы өнімдері туралы салыстырмалы ақпарат және жеке қаржылық жоспарлау бойынша жалпы кеңестер сияқты зейнетке шығуға байланысты базалық құралдар ұсынады. Елдің барлық технологиялық алпауыттары қаржылық қызметтерді дамытуға ниет білдірді. Нәтижесінде қаржылық қызметтер сапасы жаңа технологиялар, тәсілдер және икемділік есебінен артады.